

## **"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 109 Заңы

**1-бап.** "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 24, 149-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

5 6 - б а п т а :

1-тармақ "демалыс уақыты" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Заңда көзделген өзге де уақыт" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні, 7 қаңтар - православиелік Рождество демалыс күндері болып табылады."

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*